

"Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, кондоминиум обьектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуді қоса, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және селолық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидасын" бекіту туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 29 сессиясының 2006 жылғы 27 маусымдағы N 4 шешімі. Қарағанды облысы Бұқар Жырау ауданы Әділет басқармасында 2006 жылғы 25 шілдеде N 8-11-23 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 32 сессиясының 2010 жылғы 28 қыркүйектегі N 7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 32 сессиясының 2010.09.28 N 7 шешімімен.

Ескерту. Атауға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.03.28 N 7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) ; 2008.06.19 N 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз)
шешімдерімен.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 97 бабының 2 тармағын, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі N 512 "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 45261 болып енгізілген), 2008 жылғы 19 шілдедегі N 710 "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 40727 болып енгізілген) Қаулыларын басшылыққа ала отырып, аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТТИ**:

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2009.07.21 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімімен.

1. Қоса беріліп отырған "Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру Қағидасы" бекітілсін.

2. 2003 жылғы 16 қаңтардағы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 24

сессиясының "Тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау үшін, қатты отын бағасын белгілеу туралы" N 10 шешімі (2003 жылғы 12 ақпандығы N 1064 мемлекеттік тіркеуден өткен, 2003 жылғы 29 наурыздағы N 13 "Сарыарқа" аудандық газетінде ресми жарияланған) күшін жойды деп саналсын.

3. Осы шешім 2006 жылғы 1 шілдеден бастап күшіне енеді.

Сессия төрағасының	
міндеттін атқарушы,	
аудандық мәслихат хатшысы	А. Жұніспеков

2006 жылғы 27 маусымдағы N 4
Бұқар жырау аудандық Мәслихатының
29 сессиясының шешімімен
бекітілген

Аз қамтылған азаматтарға тұрғын үйді ұстауға, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күрделі жөндеуді қоса, коммуналдық қызмет көрсету үшін тұрғын үй жәрдемақыларын беру және селолық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы беру

Қағидасы

Ескерту. Атауға өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.03.28 N 7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) ; 2008.06.19 N 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімдерімен.

Осы Қағида "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 9 қыркүйектегі "Телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" N 949 қаулысына сәйкес өзірленген және аз қамтылған азаматтарға тұрғын үй жәрдемақысын беру тәртібін белгілейді.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидада мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) Тұрғын үй жәрдемақысы - тұрғын үйді ұстауға, көп пәтерлі тұрғын үй кондоминиумының ортақ мүлкін күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметті тұтыну, төлем шығындарын қайтару үшін, сондай-ақ қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуы бойынша тұрғындардың аз қамтылған топтарына берілетін өтемақы;

2) отбасы - заңнамада белгіленген тәртіппен бір мекенжай бойынша бірге тұратын және тіркелген, отбасы құрамында тұратын некеден, туыстық, асырап

алудан немесе балаларды тәрбиелеуге алудың басқа да үлгілерінен шығатын мұліктік және мұліктік емес құқықтармен және міндеттермен байланысатын тұлғалар саны;

3) өтініш беруші (жеке тұлға) – жеке өз басы немесе отбасы атынан тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш беруші тұлға (бұдан әрі- өтініш беруші);

4) жиынтық табыс – отбасының ақшалай да, заттай түрде алған табысының жалпы сомасы;

5) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау жөніндегі уәкілетті орган - қаланың, ауданың жергілікті атқарушы органды (бұдан әрі - уәкілетті орган);

6) жәрдемақыны беру жөніндегі уәкілетті үйым - екінші деңгейдегі банктер немесе банктік операциялардың жекелеген тұрлерін жүзеге асыруға Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар үйымдар.

7) Халықта қызмет көрсету орталығы – Бұқар жырау ауданының халыққа қызмет көрсету орталығы;

8) телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына өтемақы – тұрғын үйді ұстаяға және коммуналдық қызметтерді тұтынуға ақы төлеу жөніндегі тұрғын үй көмегінің құрамына кіретін, телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің көтерілу шығындарын өтеуге арналған ақшалай өтемақы.

Ескерту. 1 тармақта өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.03.28 N 7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз); 2009.07.21 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімдерімен.

2. Тұрғын үй жәрдемақысы ауданда тұрақты тұратын адамдарға мынандай жағдайда, егер тұрғын үйді күтіп ұстая кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күрделі жөндеуге мен коммуналдық қызметті тұтыну төлеміне шыққан шығын тұрғын үй алаңының мөлшері шегінде болса, нақты тұратын жалпы алаң көлемінен жоғары болмай және осы мақсатқа жіберілетін шығындар шегіндегі үлестен артпайтын отбасы бюджетінің коммуналдық қызметті тұтыну мен тұрғын үйді ұстаяға, кондоминиум объектісінің ортақ мұлкін күрделі жөндеуге сонымен қатар қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына шыққан шығындар мөлшерлері болса ғана беріледі. Тұрғын үйді күтіп ұстаяға және тұтынған коммуналдық қызметтер төлеміне шыққан шығындар шегіндегі үлесі 15 % мөлшерінде отбасының жиынтық табысымен белгіленеді.

Ескерту. 2 тармақта өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2007.07.23 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз); 2008.03.28 N 7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз); 2008.06.19 N 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімдерімен.

2. Көрсегілетін тұрғын үй жәрдемақысының мөлшерін анықтау

3. Тұрғын үй жәрдемақысы өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органдарымен келесі мөлшерде беріледі:

1) етемақымен қамтылған тұрғын үй алаңының нормалары тұрғын үй заңнамаларымен бекітілген (18 шаршы метр) отбасының әр мүшесіне ұсынылған тұрғын үй нормаларына балама, көп бөлмелі пәтерлерде тұратын жалғызлікті азаматтар үшін -30 шаршы метр;

2) бір адамға тұтынылған коммуналдық қызметтер мөлшері:

газ:

орталықтандырылған ыстық сүмен жабдықталған жағдайда- айна 8 килограмм;

орталықтандырылған ыстық су болмаған жағдайда – айна 10 килограмм;

қатты отын:

1 шаршы метр аланды жылдытуға – 1-2 қабатта салынған үйлер үшін 346 килограмм, 3-4 қабатта салынған үйлер үшін 225 килограмм, 5 қабатты салынған үйлерге 134 килограмм (жылу беру мерзімі 7 айға есептегендеге), үйге 10 тонна көмірден артық болмауы тиіс.

Тұрғын үй жәрдемақысын есептеу барысында статистика органдарының мәліметтері бойынша өткен тоқсандағы облыстың қалалары мен аудандарында қалыптасқан көмір бағасы пайдаланылады.

отбасына электр қуатын тұтыну:

газ плитасы бар үйлерде - 150 киловатт;

электр плитасы бар үйлерде – 250 киловатт.

3) сүйк суды, канализацияны, ыстық суды, қоқыс төккішті, эксплуатациялық шығындарды тұтыну нормалары (пәтер меншіктерінің кооперативі, өзін-өзі басқару комитеті, үй комитеттері және әрі қарай) басқару үлгісіне байланыссыз тарифтерді бекітіп органдармен белгіленеді.

4. Тұрғын үй, көп пәтерлі тұрғын үй кондоминиумының ортақ мүлкіне курделі жөндеу төлемі мен коммуналдық қызметке белгіленген мөлшерден жоғары тұтыну жалпы негізде жүргізіледі.

Ескерту. 4 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.03.28 N 7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімімен.

3. Тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау және төлеу тәртібі

5. Тұрғын үй жәрдемақылары ауданда тұрақты тұратын және үй иелері немесе пайдаланушысы болып табылатын (жалға алушы, жалдаушы) жеке

тұлғаларға тағайындалады. Отбасы құрамында балалары, немерелері бірге тұратын, пәтер иесі болып табылатын зейнеткерлерге жәрдемақы балалары мен немерелері есепке алынбай тағайындалады.

6. Жеке меншігінде бірнеше үйі бар (пәтер, үй) немесе тұрғын үйлерін жалға беретін (жалдайтын) немесе жалдайтын отбасылары тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтарын жоғалтады.

7. Егер де күтімді қажет етеді деп танылған он сегіз жастан асқан азаматтарға және мүгедектерге күтім жасайтын, 3 жасқа дейінгі баланы тәрбиелеу (бір немесе бірнешеу) және сондай-ақ 4 және одан да көп баланы - бірінші сыныпты ең кіші баланың аяқтауына дейін (бірақ 9 жастан жоғары емес) тәрбиелеумен айналысатын адамдарды есепке алмағанда отбасында жұмыс істеуге қабілеті бар адамдар тұrsa, еш жерде жұмыс істемейтін, оқымайтын, әскер қатарында қызмет етпейтін, жұмыспен қамту органдарында жұмыссыздығы жөнінде тіркелмеген адамдардың тұрғын үй жәрдемақысын алуға құқықтары жоқ.

8. Дау-жанжал туған кезде немесе сәйкес келмейтін жағдайлар болған кезде тұрғын үй жәрдемақысы туралы мәселені шешу үшін үәкілетті орган жаңындағы арнайы комиссияның қарауына енгізіледі. Комиссия шешімімен келіспеген жағдайда жәрдемақыға үміткер тұлға оны сот арқылы шешіп алуға құқығы бар.

9. Тұрғын үй жәрдемақысының мөлшері тұрғын үйді ұстауға, көп пәтерлі тұрғын үй кондоминиумының ортақ мүлкін күрделі жөндеуге, коммуналдық қызметтер және қалалық телекоммуникация желілерінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің арттырылуына нақты төлемақыны аудару сомасынан артуы тиіс емес.

Ескерту. 9 тармақта өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.03.28 N 7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімімен.

10. Тұрғын үй жәрдемақысы қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз беріледі. Қолма-қол ақысыз төлемнің үлгісі – бұл тұрғын үй жәрдемақысының тең сомасына тұрғын үй және коммуналдық қызметтерді ұстауға төлемді азайтады. Тұрғын үй жәрдемақысының сомасы коммуналдық қызметтерді жеткізушиге аударылады.

Қолма-қол үлгісі ақшалай төлем түрінде белгіленеді. Тұрғын үй жәрдемақысының төлемі жәрдемақылар төлеу жөніндегі үәкілетті үйымдар бюджет қаражаты есебінен азаматтардың салымы бойынша есеп шоттарына аудару жолымен жузеге асырылады.

Тұрғын үй жәрдемақыларын төлеу формасын таңдау құқығы (қолма-қол немесе қолма-қол ақысыз) алушыға беріледі.

Көп пәтерлі тұрғын үй кондоминиумының ортақ мүлкін күрделі жөндеуге келген тұрғын үй жәрдемақысының сомасы, жәрдемақы тағайындастын өкілетті

органмен кондоминиум объектісінің арнайы жинақ шотына аударылады.

Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемеңдік көтерілуіне өтемаңды төлеу, ауданның жергілікті өкілетті органы бекіткен, шығыстардың жол берілетін деңгейінен асатын көлемде осы жергілікті жерде тұрақты өмір сүретін күн көрісі тәмен отбасыларға (азаматтарға) ұсынылатын тұрғын үй көмегі құрамында жүзеге асырылады.

Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемеңдік тарифінің көтерілуіне өтемаңды төлеу үшін абонент тұрғын үй көмегін тағайындау үшін қажетті құжаттармен тұрғылықты жері бойынша уәкілетті органға немесе Халыққа қызмет көрсету орталығына жүгінеді.

Ескерту. 10 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.03.28 N 7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз); 2009.07.21 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімдерімен.

11. Өтірік мәліметтер берілетін болып, аса көтерілген өтемаңды тағайындалса, жалдаушы (меншік иесі) алты айдың ішінде жәрдемеңдік алу құқығынан айрылады, ал заңсыз алынған тұрғын үйді ұстау жәрдемеңдік сомасы заңды түрде қайтарылады.

Ескерту. 11 тармақ жаңа редакцияда - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.06.19 N 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімімен.

12. Уәкілетті органдар тұрғын үй жәрдемеңдік сомасын алғаннан кейін коммуналдық қызметтер мен тұрғын үйді ұстауға шыққан нақты шығындарды 1 айдың ішінде дәлелсіз себептермен төлемеген (науқастануы, уақытша болмауы және тағы басқалар) азаматтарға тұрғын үй жәрдемеңдік сомасын тағайындауды тоқтатып, берілмесін. Тұрғын үй жәрдемеңдік сомасын тоқтатып, оны бермеу туралы мәселесін комиссия тұрғын үй жәрдемеңдік сомасын алушысының жазбаша хабарламасымен қарайды. Комиссия шешім көшірмесін өтініш берушіге тапсырады.

Ескерту. 12 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.06.19 N 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімімен.

13. Тұрғын үй жәрдемеңдік сомасын төлемдерін қаржыландыру бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Тұрғын үй жәрдемеңдік сомасын беру мерзімдері

14. Тұрғын үй жәрдемақылары тоқсан сайын отбасы құрамы және табыстары туралы мәліметтерді бере отырып, өтініш берілген айдан бастап барлық қажетті құжаттармен бір жылға тағайындалады. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылардың қайта тіркелуі құжаттарды алғаш рет тапсырған рәсіміне сәйкес болады.

Тоқсан сайын отбасы құрамы мен табыстары туралы мәліметтерді ұсынған отбасылар, құжаттарды нақты тапсырған күніне қарамай, тұрғын үй жәрдемақысын бір тоқсанға алады.

Ағымдағы тоқсанда отбасы құрамы мен табыстары туралы мәліметтер ұсынбаған отбасыларына, себептерге қарамай, тұрғын үй жәрдемақыларын есептеу құжаттарды тапсырған айдан бастап жүзеге асырылады.

15. Тұрғын үй жәрдемақысын алушылар 15 қүннің ішінде тұрғын үй жәрдемақсының мөлшеріне және алу құқығына әсер ететін жағдайлар жөнінде уәкілетті органдарға хабарлауы керек.

16. Тұрғын үйді ұстауға және коммуналдық қызмет ақысын төлеуге рұқсат етілетін шығындар шегінің үлесі, коммуналдық қызметтердің тарифтері өзгерген жағдайда бұрында тағайындалған жәрдемақылар тиісті өзгерістер болған уақыттан бастап қайта тағайындалады.

17. Жәрдемақыға құқықтыларды анықтау барысында басқа қалаларда және тұрғылықты жерлерде уақытша тұратыны тиісті құжаттармен дәлелденген адамдар есепке алынбайды.

Ескерту. 17 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.06.19 N 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімімен.

5. Тұрғын үй жәрдемақыларын есептеу және өтініш беру тәртібі.

18. Тұрғын үй жәрдемақыларын тағайындау үшін өтініш беруші тұрғылықты жерінің уәкілетті органына немесе ауданының Халыққа қызмет көрсету орталығына мынадай құжаттар тапсыру керек:

- 1) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындау туралы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) тұрғын үй құжатының құқығын анықтайтын көшірмесі (ордер, тұрғын үйді жекешелендіргені туралы келісім-шарт, сатып алу - сату келісім шарты, сыйфа беру келісім шарты, мұрагерлік құқығы туралы куәлік, жалдау (жалға алу) келісім шарты, тұрғын үй және басқаны меншіктенуге құқығы бар деген сот шешімі);
- 4) отбасы құрамын (азаматтарды тіркеу кітабы, пәтердің карточкасы, үй кітабы) және тұрғылықты жерін дәлелдейтін құжаттың көшірмесі;
- 5) алынып тасталды - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық

мәслихатының 2008.06.19 N 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімімен;

6) алынып тасталды - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.06.19 N 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімімен;

7) коммуналдық қызметке, тұрғын үйді ұсташа төлем ақы төлеу жөніндегі шығындар туралы мәліметтер (түбіртек);

8) өтініш берушінің қалалық телекоммуникациялар желісінің абонементі екендігін дәлелдейтін (келісім шарт немесе телекоммуникация қызметіне төленген шоттың квитанциясы) құжаттың көшірмесі;

9) отбасы мүшелерінің табысы туралы мәліметтер;

10) жұмыссыздар тұрғылықты жері бойынша жұмыспен қамту мәселесі жөніндегі үәкілетті органның анықтамасын тапсырады;

Ескерту. 18 тармақта өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.06.19 N 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз); 2009.07.21 N 5 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімдерімен.

19. Құжаттың түпнұсқасы және көшірмесі салыстырып тексеру үшін тапсырылады, содан кейін түпнұсқа өтініш берушіге қайтарылады.

20. Үәкілетті орган (арнаулы комиссияның тапсырысы бойынша) тұрғын үй жәрдемақысын тағайындауға өтініш білдірген отбасының материалдық-тұрмыстық жағдайын тексеруге құқығы бар. Тексеру актісі тұрғын үй жәрдемақысын алушының жеке ісіне тіркеледі.

Ескерту. 20 тармақта өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.06.19 N 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімімен.

21. Тапсырылған құжаттарды қарау нәтижесінде отбасына тұрғын үй жәрдемақысын беру жөнінде келісім-шарт жасалады. Келісім-шарт екі данада жасалып, оның біреуі тұрғын үй алушыда сақталады. Аталған келісім-шарт тұрғын үй жәрдемақысын беруге негіз бола алады. Үәкілетті орган ай сайын тұрғын үй жәрдемақысының өзара есебін жүргізеді, ол өтініш берушінің етінішіне қарай беріледі.

22. Мәліметтердің шындығына сенімсіздік туған жағдайда үәкілетті орган сұраныс жасауға құқығы бар, ал заңды тұлға мен жеке тұлғалар тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер адамның табысы туралы мәлімет беруге міндетті.

23. Жәрдемақы мөлшері тұрғын үйді ұсташа, көп пәтерлі тұрғын үй кондоминиумының ортақ мүлкін курделі жөндеуге, және коммуналдық қызметті пайдалануға тұрғын үй жәрдемақысын алушының қалалық телекоммуникация желісінің абоненттеріне телефон үшін абоненттік ақы тарифтерінің

арттырылуына төлем мен тұрғын үй жәрдемақы алуға үміткер отбасылардың шығындар деңгейінің айырмасы ретінде есептеледі.

Ескерту. 23 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.03.28 N 7 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімімен.

6. Жиынтық табысты есептеу тәртібі

24. Тұрғын үй жәрдемақысын алуға үміткер отбасының жиынтық табысын (бұдан әрі – жиынтық табыс) тұрғын үй жәрдемақын тағайындауды жүзеге асыратын уәкілетті орган есептейді (бұдан әрі – уәкілетті орган).

25. Отбасының жиынтық табысын есептегендеге отбасы құрамында бірге тұратын, шаруашылықты бірге жүргізетін және тұрғылықты бір жерде тіркелген отбасының барлық мүшелері ескеріледі.

Есепті кезеңде құрамында өзгерістер болған отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде келген (кеткен) отбасы мүшесінің табысы келесі тоқсанның бірінші айынан бастап есепке алынады (есепке алынбайды).

26. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде тұрғын үй жәрдемақсына өтініш берген тоқсанның алдындағы тоқсандағы (бұдан әрі - есепті кезең) Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде ақшалай немесе заттай түрде алынған табыстың барлық түрлері есептеледі.

27. Егер отбасының бір мүшесі табыс есептелеғенде тоқсаннан аз уақыт жұмыс істесе, осы тоқсанда жұмыс істеген барлық уақыты отбасының жиынтық табысына есептеледі.

28. Бір тоқсанан астам уақытқа төленуге тиесілі табыс бір мезгілде алынған кезде (оның ішінде жалақы, алимент, зейнетақы, жәрдемақылар және тағы басқалар бойынша берешектер) жиынтық табысқа есептік кезеңде алынған табыстың барлық соммасы есептеледі.

29. Шетелдік валютада алынған табыс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепке алу және қаржылық есеп беру туралы заңнамасында және бухгалтерлік есеп стандарттарында белгіленген тәртіппен валюта айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша ұлттық валютаға қайта есептеледі.

30. Орта айлық табыс отбасының тоқсан ішіндегі жиынтық табысын 3 айға бөлу жолымен белгіленеді.

Ескерту. 30 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.06.19 N 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімімен.

7. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде есепке алынатын табыс түрлері

31. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде Қазақстан Республикасында және одан тыс жерлерде есепті кезенде алынған табыстың мынадай барлық түрлері есепке алынады:

- 1) еңбекақы, әлеуметтік төлемдер түрінде алынатын табыс;
- 2) кәсіпкерлік және басқа да қызмет түрлерінен түсетін табыс;

Мезгілді жұмыста қызмет істейтін жұмыскерлердің жалақысы, оны алғаннан бастап отбасының жиынтық табысына саналады. Жалақы болмаған кезенде, жиынтық табыс жалақы есепке алынбастан саналады.

Жиынтық табыста келісім шартсыз жеке азаматтардың нақты жалақылары саналады. Бұл бойынша жалақының шынайы бөлігі базар құнымен қаржылай эквивалентте жиынтық табысқа қосылады. Жалақыны өтініш беруші өзі көрсетеді;

3) балаларға және басқа да асыраудағыларға арналған алимент түріндегі табыс;

Алимент төлеуші жұмыс іstemеген жағдайда және уәкілетті органдарда жұмыссыз ретінде тіркеліп тұрса, бас бостандығынан айрылғандар жерінде болса , немесе уақытша изолятор қамқорлығында болса, емделуде немесе туберкулездер тізімінде, психоневрологиялық диспансерде, еңбектік-емделу профилакториясында болса, іздеуде немесе Қазақстан Республикасының келісуінсіз мемлекеттегі тұрақты тұрғылықты жерінен шығып кеткен жағдайда жазбаша өтінішпен бірге сәйкес органдардың қосымша растайтын құжаттары негізінде алиментті санамай жиынтық табыс есептен шығарылады;

4) жеке қосалқы шаруашылықтан - мал мен құс ұстауды, бағбандықты, бақша есіруді қамтитын үй жанындағы шаруашылықтан түсетін табыс;

Табысты есептеу үшін Қарағанды облысының статистика басқармасының мәліметі негізінде, Қарағанды облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдаламалар Департаментінің берген Қарағанды облысындағы өткен жылғы өсімдік және мал шаруашылығы өнімінің орта жылдық бағасы қолданылады;

5) өзге де табыс.

Ескерту. 31 тармаққа өзгерту енгізілді - Қарағанды облысы Бұқар Жырау аудандық мәслихатының 2008.06.19 N 9 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақты қараңыз) шешімімен.

32. Отбасының жиынтық табысында мыналар есепке алынбайды:

- 1) мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек;
- 2) тұрғын үй жәрдемақысы;

- 3) жерлеуге арналған бір жолғы жәрдемақы;
- 4) бала тууына байланысты берілетін бір жолғы мемлекеттік жәрдемақы;
- 5) жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек;

Егер жеке ісін ашуға және (немесе) жеке қосалқы шаруашылықты дамытуға арналған материалдық көмек мақсатына сай пайдаланылмаса, жиынтық табыс көрсетілген көмек сомасын ескере отырып есептеледі;

6) отбасы мүшелерінің біреуі осы отбасында тұрмайтын адамдарға төлейтін алимент;

7) азаматтардың тегін немесе женілдікпен протездеуге бару жолына ақы төлеу;

8) протездеу уақытында азаматтарды ұстау;

9) азаматтардың елді мекеннен тыс жерлерге емделуге тегін немесе женілдікпен жол жүру құны;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

дәрілік препараттар;

санаторийлік-курорттық емдеу;

протездік-ортопедиялық бұйымдар (жасау және жөндеу);

жүріп-тұру құралдары (кресло-арбалар) мен мүгедектерге бөлінген басқа да сауықтыру құралдары;

білім алу кезеңінде оқушыларды тегін тамақтандыру түрінде көрсетілген заттай көмек түрлері;

11) ақшалай және заттай тұрдегі (құндық бағадағы) қайырымдылық көмек;

12) төтенше жағдайлар салдарынан олардың денсаулығына және мүлкіне келтірілген зиянды өтеу мақсатында отбасына көрсетілген көмек.

8. Жиынтық табысты есептеу кезінде есепке алынатын өзге табыс

33. Отбасының жиынтық табысын есептеу кезінде мынадай өзге де табыс есепке алынады:

1) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден;

2) бағалы қағаздардан (дивидендтер);

3) шетелдік валютаны өткізуден;

4) асыл тастар мен қымбат бағалы металдарды, олардан жасалған зергерлік бұйымдарды және құрамында асыл тастар мен қымбат бағалы металдар бар басқа да заттарды, сондай-ақ өнер туындыларын және антикварiat сатудан;

5) жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан;

6) авторлық сыйакы түріндегі;

7) жылжымайтын мүлікті, көлік құралдарын және басқа да мүлікті сыйға

тарту, мұрагерлікке алу түрінде алынған;

8) несиені (шағын несиені) пайдаланудан;

9) қайтарымсыз алынған ақша;

10) ақша салымдары бойынша сыйақы (мұdde);

11) ақшалай аударымдар;

12) конкурстарда, жарыстарда (олимпиадаларда), фестивальдарда, лотереялар, салымдар мен борышкерлік бағалы қағаздар бойынша ұтыстарды қоса алғанда, ақшалай және (немесе) заттай түрдегі ұтыстар;

13) туысқандарының және басқа да адамдардың ақшалай және заттай көмегін (құн түрінде) қоса алғанда, өзге де мәлімделген табыс.

Көрсетілген табыс алынған уақыты бойынша есепке алынады және жазбаша етінішпен расталады.

Орта білім беру, сондай-ақ жоғары және орта арнаулы білім беру жүйесінде ақылы негізде күндізгі бөлімде оқитын шәкіртақы алмайтын студенттердің жиынтық табысына ерікті айтылған табысы есептеледі.

34. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын жалға беруден алынған, ресми расталмаған табыс бір айдағы ең төмен жалақыдан кем емес мөлшерде есепке алынады.

35. Алынған несиelerдің (шағын несиelerдің) сомасы жиынтық табыста есепке алынбайды.

36. Жылжымайтын мүлікті және көлік құралдарын сатудан алынған табыс оның алынған күннен бастап бірге жалпы жиынтық табыска қосылады.

Басқа түрғын үй (көлік құралын) сатып алған жағдайда, жылжымайтын мүлікті (көлік құралын) сатудан алынған сома мен сатып алынған түрғын үй (көлік құралы) құнының арасындағы айырма отбасының жиынтық табысында есепке алынады.